

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының докторанты Оразбаева Шарипа Нурымбетқызының «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» деп аталатын 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясына

ШКІР

Оразбаева Шарипа Нурымбетқызының «6D041600 – Өнертану» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» деп аталатын диссертациялық жұмысы қазақ киносы тарихындағы гендерлік қарым – қатынас үрдісін зерттеген.

Автор әлем киносындағы гендерлік сын мен теориясын зерттей отырып, бұл сын мен теорияның аясында қазақ киносындағы гендер мәселесін, оның ішінде кино саласындағы әйел режиссурасын ғылыми теориялық тұрғыда қарастырады. Аталмыш тақырып осыған дейін қазақ киносында жеке дара әлі зерттелмеген болатын. Қазақ ұлттық киносының қалыптасуы мен дамуындағы гендер мәселесінің зерттелуі осы жұмыстың жаңалығы болып табылады. Зерттеуші қазақ киносы тарихындағы әйел бейнесі мен қазіргі заманғы кинодағы гендер мәселелерін кешенді түрде саралайды. Сонымен қатар әлемдік кино өнеріндегі гендер түсінігінің Батыстық және Шығыстық моделі салыстырмалы түрде қарастырыла келіп, ұлттық дүниетаным аясында орын алған гендерлік түсініктер мен үрдістер эволюциясы қазақ киносында зерттелгендігі тақырыпты ауқымды ете түседі. Диссертант қазақ киносындағы гендер ерекшеліктері үдерісін талдауда хроникалық сипаттан фильмдердің әйелдік бейнелерді көрсету тетігіне, ер режиссерлердің әйел бейнесін жасау мен әйел режиссерлердің әйел бейнесін жасау ерекшеліктеріне, олардың өзіндік қолтаңбасына басты назар аударуды ұсынады. Ізденуші ұлттық киномыздың алғашқы кезеңінен бастап әйел кейіпкерлер бейнесінің типологиялық көркемдік ерекшеліктерін анықтауға көңіл бөледі. Осы тұста әйел бейнесі заман талабына сай әр кезеңде өзгеріп отырғанын байқауға болады.

Зерттеу жұмысында тәуелсіздік алған жылдардан бастап бүгінгі кезге дейінгі заманауи қазақ киносындағы гендерлік көріністердің ерекшеліктері сарапталған. Және де қазақ кино тарихында орын алған фильмдердегі әйел бейнесінің көркемдік сипаты мен эстетикалық көріністері теориялық тұрғыда талданды. Кино режиссура өнеріндегі ізденістер, тәжірибелік даму жолдары, жаңашылдық пен сабақтастық бағыттары рухани құндылықтарды сақтай отырып, ұлттық болмыс-бітімді жоғалтпау маңыздылығы зерделенді.

Докторант зерттеу нысанына алған фильмдерді ғылыми-мәдени контексте саралаған. Диссертацияның ғылыми теориялық маңызы онда «әйел киносы» ұғымының енуі, тәуелсіздік жылдардағы қазақ кино өнеріндегі гендердің репрезентациялану мәселелері тұңғыш рет ғылыми тілде

сарапталып, зерттеу жұмысының нысанына айналуы болып табылады. Осы тұста қазақ киносындағы ер режиссерлармен қатар экрандық режиссура мектебін шыңдауға үлестерін қосқан әйел режиссерлердің шығармашылығы назарға алынды. Аты әлемге танымал әйел режиссерлер Кэтрин Бигелоу, Эмманюэль Берко, Изабель Койшет, Агнешка Холланд, Мэри Херрон, Кира Муратова, София Коппола, Алис Ги, Аньес Варда, Лариса Шепитько, Джейн Кэмптон, Томрис Гиритлиоглу, Бикет Илхан, Неля Атауллаева, Камара Камалова, Динара Асановалардың шығармашылық қолтаңбаларын назарға ала отырып, қазақ киносындағы әйел режиссерлер Әсия Сүлеева, Лейла Аранышева, Ұлжан Қолдауова, Жанна Исабаева, Айхан Чатаева, Гүлшат Омарова, Эля Гильман сынды мамандардың шығармашылықтарын салыстырмалы түрде қарастырған. Мұнда қарастырылған әр фильм көркемдік деңгейі мен авторлық идеялар, режиссерлік шешімдер және кейіпкерлердің бейнелік көрінісі тұрғысында зерттелген. Осы арқылы қазақ киносы тарихында орын алған фильмдердің көркемдік деңгейін, әрбір режиссердің өзіндік қолтаңбасын, ұлттық кино режиссураға алып келген жаңашылдық бағыттарын талдау зерттеу жұмыстың басты міндетіне айналған. Диссертант гендер түсінігін кино саласына байланысты ғана қарастырып қоймай, бұл мәселені филология, философия, элеуметтану және т.б. ғылымдардың өзге де салаларында орын алған сипатына тоқталады. Жалпы қоғамдағы гендер туралы айтылған ой – пікірлер мен көзқарастарды ескеру, еліміздің әр кезеңде орын алған саяси жағдайларды кино саласымен байланыстыру арқылы көптеген нәтижеге қол жеткізген.

Қазақ кино тарихында орын алған фильмдердегі режиссерлердің әйел бейнесін жасау көріністері мен эстетикалық ерекшеліктері жаңа – жақты сараланып, олардың ізденіс жолдары және әр кезеңде қол жеткізген табыстары ғылыми дәйектер арқылы нақтыланған. Зерттеу нысанына алынған фильмдер бүгінгі күн өресіне сай қайта қарастырылып, оларға тың пікірлер беріле келе бағаланған.

Зерттелу жұмысы тақырыпқа сай бөлімдерге бөлінген. Диссертация кіріспеден, «Кино өнеріндегі гендер «репрезентациясы» зерттеуінің теориялық негіздері», «Гендерлік ұстаным контекстіндегі қазақ кино өнерінің өзіндік ерекшеліктері» және «Қазақ киносындағы режиссерлер шығармашылығының даму үрдістері» деп аталатын нақтылы бөлімдерден тұрады. Онда бөлімдер мен тараушалар бір – бірімен ұштаса жүргізіліп, арнайы терминдік сөздер сауатты түрде өз орнымен енгізілген. Кіріспеде зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы, өзектілігі, зерттелу деңгейі, зерттеу жұмысының нысаны, пәні, мақсаты, міндеттері, теориялық және әдістемелік негіздері, ғылыми жаңалығы, теориялық және тәжірибелік маңызы, жұмыстың сыннан өтуі мен жарияланған материалдар тізімі көрсетілген. Ізденуші өз зерттеу тақырыбына сай отандық және шетелдік бірнеше ғалымдардың еңбектерін сарапқа салған.

Диссертант ғылыми жұмыстың негізін ағылшын және түрік тілдерінде жарық көрген шетелдік кинотанушылар Лаура Малви, Тереза Де Лауретис,

Каджа Сильверман, Карол Дж.Кловер, Пэм Кук, Руби Рич, Элизабет Коуе, Дон Мэри Эн, Барбара Кридтің, Таниа Модлески, Клэйр Джонсон, Гавлин Стадлер, Джеки Стейси, Патришиа Уайт, Мэри Энн Доан, ресейлік зерттеушілердің Е.Смирнова – Ярская, Ю.М.Лотман, Н.И.Яковлева, А.Усманова сынды кинодағы феминизм және гендер тақырыбында жазылған теориялық еңбектерін саралай келе, қазақ киносындағы гендер ерекшеліктерін айшықтап көрсете отырып, маңызды аспектілерін атап көрсеткен.

Сонымен қатар қазақ кино өнерінде үлкен орын алатын Қабыш Сиранов, Камал Смайылов, Роза Абдулахатова, Раушан Оспанова, Күлшара Айнағұлова, Қатеш Әлімбаева, Бауыржан Нөгербек сынды кинотанушылардың еңбектері, Г.О.Абикеева, Д.Өмірбаев, Г.Наурызбекова, Н.Р.Мұқышева, Д.Б.Асымова, Г.А.Мүрсалимова, И.Т.Смайлова, Г.Б.Көбек, Б.Б.Нөгербек, А.М.Айдар секілді танымал кинотанушылардың жұмыстары сараланған. Қазақ кинематографындағы бүгінгі режиссерлердің фильмдеріндегі көркемдік ерекшеліктеріне тоқталып, ондағы орын алған заманауи әйел бейнесіне, фильм мазмұнының өміршеңдігіне, режиссуралық шешімдеріне сипаттама беріледі. Әр фильм психоаналитикалық тұрғыда талданады.

Ш.Н.Оразбаева зерттеу барысында қазақ кино тарихында өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген әйел режиссерлердің шығармашылығына ерекше мән береді. Қазақ киносында ең алғашқы режиссер әйел Дариға Тналина, және оны атақты режиссер Александр Довженко Кеңестік Орталық Азия елдерінен шыққан ең алғашқы әйел-режиссер деп атағаны белгілі. Одан кейінде Әсия Сүлеева, Лейла Аранышева, Жанна Серікова, Шапиға Мусина, Ұлжан Қолдауова, Айхан Чатаева, Жанна Исабаева, Гүлшат Омарова, Эля Гильман кинорежиссерлердің жұмыстары кеңінен талданып, бүгінгі кино режиссураның деңгейі мен бағыты айқындалған. Сонымен қатар отандық жас буын қыз балалар режиссурасының ізденістері және даму перспективалары жан – жақты қарастырылған.

Зерттеу тақырыбы бойынша қол жеткізілген нәтижелер бірлігі диссертациялық жұмыстың құрылымдық тұтастығын сақтай алады. Жасалған тұжырымдар мен талдаулар бір – бірімен сабақтаса отырып, жұмыс мазмұнына толық үйлесім табады. Көрсетілген тараулар ішінара бірлесіп, бірін – бірі толықтырып отырады. Әр бөлімнің мақсаты мен міндеті шешім тауып, әр бөлімнің соңында қорытынды жасалады. Диссертациялық жұмыстың құрылымы тақырыпқа, орындалу сапасы талаптарға сай жасалған.

Зерттеудің өзектілігі мен міндеттері диссертанттың заманауи қазақ киносындағы гендер репрезентациясы мәселесіне кешенді түрде зерттеу жүргізіп, онда тарихи-кинотанушылық, феминендік әдістеме, фильмдік, салыстырмалы-сараптамалық, өнертанушылық әдістері қамтылған.

Диссертант Ш.Н.Оразбаева аталмыш диссертациялық жұмысын жазу барысында Колумбия Университеті (Нью - Йорк қаласы, АҚШ) және Аберистуит Университеті (Уэльс, Ұлыбритания) оқу орындарында ғылыми –

зерттеу тәжірибесінен өтті. Сонымен қатар Берлин кинофестивалі, Ереван (Армения) қаласындағы «Алтын абрикос», Қазақстандағы «Еуразия» сынды алпауыт кинофестивальдерде әлемдік деңгейдегі қоюшы – режиссерлермен жүздесіп, өзінің зерттеу тақырыбына байланысты сұхбаттар жүргізу арқылы мол материалдар жинақтады. Осыған орай докторант өз жұмысына тиянақты қарап, ғылымға деген нәтижелі жұмысына жауапкершілік таныта алды.

Диссертациялық жұмыс өз алдына қойылған мақсатын орындап, ұсынылған тақырып толықтай меңгерілген. Онда жұмыс авторының өздігінен қол жеткізген нәтижелері ғылымға негізделген, жасаған тұжырымдары нақтылы. Жұмыс нәтижесінде зерттеуші отандық кинотанудың ғылыми айналымына «әйел киносы», «феминендік көзқарас» және т.б. терминдер енгізуді ұсынды. Дәл осы тұста Оразбаева Шарипа Нұрымбетқызының 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты диссертациялық жұмысының маңыздылығы мен өзектілігі нағыз ғылыми жаңалық ретінде алға шығуда. Өйткені бұл түсініктер әлемдік кинотану ғылымына жарты ғасыр бұрын енген және ғылыми айналым ретінде үлкен маңыздылыққа ие болып табылады.

Диссертант Ш.Н.Оразбаеваның ««Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» деп аталатын тақырып бойынша жазылған еңбегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай орындалған және 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 6D040000 Диссертациялық кеңесінде қорғауға ұсыныс жасаймын.

Ғылыми жетекші:

Ергебеков М. А.

Өнертану доктор (PhD)

Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА доценті

